

**2020 жылға арналған Зеренді ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қарашадағы № А-11/674 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 қарашада № 7521 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қалмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, 27-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес, 2020 жылға арналған Зеренді ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес, 2020 жылға арналған Зеренді ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

3. Осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес, 2020 жылға арналған Зеренді ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

аудан әкімі

Б.Ғайса

Зеренді ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "28" қарашадағы  
№ А-11/674 қаулысына  
1 қосымша

**2020 жылға арналған Зеренді ауданында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Зеренді ауданының "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1183	0,1
2	"Игілік Астық-2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	10,0

Зеренді ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "28" қарашадағы  
№ А-11/674 қаулысына  
2 қосымша

**2020 жылға арналған Зеренді ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	"Викторовское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	132	0,7

Зеренді ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "28" қарашадағы  
№ А-11/674 қаулысына  
3 қосымша

**2020 жылға арналған Зеренді ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
---	------------------	------------------------------	-------------------

1	"Өз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	3	33,3
2	"Аққайын+Ж" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	25	4,0
3	"Асыл-2005" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	8	12,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК